



Касpi Red бас шартына

өзгеріс

1. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (02.09.2019ж. №2019/09-69 хаттама) Касpi Red бас шартының 10.17-тармағы 2021 жылғы «19» қазаннан бастап мына редакцияда жазылсын:

«10.17. Комиссия тиісті Есеп айырысу кезеңі үшін осындай кезеңнің бірінші күні төленеді. Есеп айырысу кезеңінің басталуы мынаған сай айқындалады:

1) Бірінші Есеп айырысу кезеңі – Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік бір жыл өткен соң.

Егер Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күнге дейін бұрын жасалған ұқсас Шарт бұзылса, онда қолданыстағы Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты бойынша бірінші рет сатып алған күн бірінші Есеп айырысу кезеңі басталған күн болып табылады.

2) Кейінгі Есеп айырысу кезеңі – алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап.

26.04.2021 жылды қоса алғанға дейін жасалған Шарттар үшін:

1) Бірінші Есеп айырысу кезеңі – Бөліп төлеу және сатып алуға лимит шарты жасалған күннен бастап бір жыл өткен соң бірінші рет сатып алған Шот бойынша көрсетілген күннен бастап.

2) Кейінгі Есеп айырысу кезеңі – алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап

Егер 26.04.2021 жылды қоса алғанға дейін, алдыңғы Есеп айырысу кезеңі өтсе, одан кейін Клиент Операциялар жүргізбесе, онда келесі Есеп айырысу кезеңі 26.04.2021 жылдан кейін бірінші рет сатып алғанның алдындағы күннен басталады, ал кейінгі барлық Есеп айырысу кезеңдері алдыңғы Есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінен бастап есептеледі».
